

Мемлекеттік орман қоры участекерінде жануарлар дүниесін, оның ішінде аңшылық шаруашылығының мұқтаждығы үшін пайдалану қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 6 қазандағы № 18-02/891 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 6 қарашада № 12246 болып тіркелді.

2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Орман кодексінің 100-бабының 5-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік орман қоры участекерінде жануарлар дүниесін, оның ішінде аңшылық шаруашылығының мұқтаждығы үшін пайдалану қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың инtranet-порталында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрі

А. Мамытбеков

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 6 қазандагы
№ 18-02/891 бұйрығымен
бекітілген

Мемлекеттік орман қоры участекерінде жануарлар дүниесін пайдалану, оның ішінде аңшылық шаруашылығының

мұқтаждығы үшін пайдалану қағидалары

1. Осы Қағидалар 2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Орман кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 100-бабының 5-тармағына және 2004 жылғы 9 шілдедегі "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және мемлекеттік орман қоры участеклерінде жануарлар дүниесін пайдалану, оның ішінде аңшылық шаруашылығының мұқтаждығы үшін пайдалану тәртібін айқындайды.

2. Мемлекеттік орман қоры участеклерінде жануарлар дүниесін пайдалану жалпы немесе арнайы табиғат пайдалану тәртібімен жүзеге асырылады.

3. Жалпы табиғат пайдалану тәртібімен мемлекеттік орман қоры участеклерінде жануарлар дүниесін пайдалану жануарлар дүниесі объектілерін табиғи ортадан алмай-ақ ғылыми, мәдени-ағарту, тәрбиелік және эстетикалық мақсаттарда жүзеге асырылады.

4. Арнайы табиғат пайдалану тәртібімен мемлекеттік орман қоры участеклерінде жануарлар дүниесін пайдалану жануарлар дүниесі объектілерін табиғи ортадан ғылыми және мәдени-ағарту мақсаттарында аң аулау кезінде, сондай-ақ жануарлар тіршілігінің пайдалы қасиеттері мен өнімдерін пайдалану үшін алу арқылы жүзеге асырылады.

5. Арнайы табиғат пайдалану тәртібімен жануарлар дүниесін пайдаланушыларға бекітілін берілген мемлекеттік орман қоры участеклерінде жануарлар дүниесін пайдалану кейіннен мемлекеттік орман иеленуші мен орман пайдаланушы арасында шарт ресімделіп, тендер хаттамасының негізінде Кодектің 35-бабына сәйкес бекітілетін тәртіппен жүзеге асырылады.

6. Аң аулау объектілеріне жатпайтын жануарлар дүниесін шаруашылық мақсаттарда, сондай-ақ олардың тіршілігінің пайдалы қасиеттері мен өнімдерін пайдалану (тасталған мүйіздерді, мумие жинау, жабайы араларды, құмырсқаларды және басқаларды пайдалану) үшін мемлекеттік орман қорының участеклері орман пайдаланушыға 1 жылға дейінгі қысқа мерзімге беріледі.

7. Мемлекеттік орман қоры участеклерінде аң аулау объектілеріне жатпайтын жануарлар дүниесі объектілерін шаруашылық мақсаттарда пайдалануды жүзеге асыру үшін мемлекеттік орман иеленуші беретін орман билеті және жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті органның рұқсаты негіз болып табылады.

8. Мемлекеттік орман қоры участеклерінде жануарлар дүниесін пайдалану жануарлар дүниесі мен орман ресурстарына нұқсан келтіру мүмкіндігіне жол бермейтін тәсілдермен жүзеге асырылуға тиіс.

9. Мемлекеттік орман қоры участеклерінде жануарлар дүниесін пайдаланушыларға мынадай:

1) өртке қарсы іс-шаралар жүргізу, ал орман өрті шыққан жағдайда оны сөндіруді қамтамасыз ету; оларға орман пайдалану үшін бөлінген мемлекеттік орман қоры участеклерінде Кодекстің 63-бабының 2-тармағына сәйкес бекітілетін Өрт қауіпсіздігі қағидаларын сақтау,

2) орман пайдалану үшін бөлінген мемлекеттік орман қоры участеклерінде ағаштың заңсыз кесілуіне және Қазақстан Республикасы орман заңнамасының Кодекстің 113-бабында көзделген өзге де бұзушылықтарына жол бермеу;

3) Кодекстің 38-бабының 17) тармақшасына сәйкес мемлекеттік орман иеленушілерге орман пайдалану үшін оларға бөлінген мемлекеттік орман қоры участеклерінде орман зиянкестері мен ауруларының пайда болғаны туралы хабарлау;

4) Кодекстің 35-бабына сәйкес бекітілетін Мемлекеттік орман қоры участеклерінде орман ресурстарын ұзақ мерзімді орман пайдалануға беру жөнінде тендерлер өткізу қағидаларында көзделген тәртіппен мемлекеттік орман қоры участеклерінде ұзақ мерзімді орман пайдалану шартында;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 26 қаңтардағы № 18-02/40 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10676 болып тіркелген) бекітілген Ағаш кесу билеті мен орман билетін есепке алу, сақтау, толтыру және беру қағидаларына сәйкес рұқсатнама құжаттарда белгіленген шарттарды орындау;

5) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 16 шілдедегі № 17-03/362 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7851 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында шаруашылық ішілік аңшылық ісін ұйымдастыру қағидаларына сәйкес мемлекеттік орман қоры участекін 10 жылға және одан да ұзақ мерзімді пайдалануға бекітіп беру туралы мемлекеттік орман иеленуші мен орман пайдалануши арасындағы шартқа қол қойылғаннан кейін 2 жылдан аспайтын мерзімде мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткен шаруашылық ішілік аңшылық ісінің жобасын мемлекеттік орман иеленушіге беру;

6) орман шаруашылығы саласындағы, сондай-ақ жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдарға "Жануарлар дүниесінің мемлекеттік есебін, кадастрын және мониторингін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 26 маусымдағы № 18-03/577 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11800 болып тіркелген) белгіленген тәртіппен жануарлар дүниесін пайдаланушиларға ұзақ мерзімді пайдалануға бекітілін берілген мемлекеттік орман қоры участеклерінде жануарлар дүниесінің мемлекеттік есебін, жануарлар дүниесінің кадастрын, мемлекеттік орман мониторингін және жануарлар дүниесінің мониторингін жүргізу үшін қажетті ақпарат беру талаптары қойылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК